

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Зейнет жасына толған, бірақ зейнетақы жинақтарын алу үшін БЖЗК-ға жүгінбеген отандастарымызға мақсатты хабарландыру жүргізілді

БЖЗК жыл сайын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен (Мемлекеттік корпорация) бірлесіп, зейнет жасына толған және БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар, бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын, бірақ БЖЗК-ға төлем үшін жүгінбеген адамдарды анықтау тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салыстыру нәтижелері бойынша 2023 жылдың басында жоғарыда аталған санаттағы 180 мыңдан астам адам анықталды.

Зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік корпорация ағымдағы жылдың сөүір айында мобиЛЬДІ азаматтар базасында (бұдан әрі – МАБ) тіркелген алушыларға зейнетақы жинақтарын төлеу бойынша проактивті қызмет көрсетуге келісімін алу үшін sms-хабарламалар жіберді.

Айта кету керек, сәйкестендіру барлық алушылардың телефон нөмірлері МАБ-да тіркелмегендігімен қындық тудырады. Бұдан басқа, Мемлекеттік корпорация 57 мыңдан астам адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткенін, сондықтан Мемлекеттік корпорациядан төлем алмайтынын анықтады. БЖЗК-дан зейнетақы жинақтарын алмағандардың арасында зейнетақы жинақтары төлемін алуға қайтыс болған адамдардың өтініш білдірмеген мыңға жуық мұрагерлері де бар. Тағы бір санат – жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған және еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы алып жүрген адамдар.

Алайда зейнетақы төлемдерін алуға жүгінбеген тұлғаларды анықтау жұмыстары әлі де жалғасуда. Осыған байланысты БЖЗК "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнет жасына толған және БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар адамдар БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін алуға құқылды екенін және БЖЗК-дан зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне **уақытылы жүгінуге** кеңес береді.

Егер алушы төлем алуға өтініш бермесе, зейнетақы жинақтары оның жеке зейнетақы шотында сакталып, оған инвестициялық кіріс есептеле береді.

Естерінізге сала кетейік, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері **өтініш берілген күннен** бастап тағайындалып, зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшыга (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күй туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).